

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ  
Байқау кеңесі отырысының  
хаттамасы**

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 1

«27» сәуір 2022 жыл

**Орны: Қазақстан республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік 11/1.**

**Отырыстың уақыты және өткізілетін орны: сағат 15.00, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ ғимаратында**

**Байқау кеңесінің мүшелері қатысты:**

**Лебаева Эйгерім Бауыржанқызы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің КДСБ Ана мен баланы қорғау бөлімінің басшысы;**

**Искалиев Азат Маратұлы – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі;**

**Шаймердинова Әсель Хабдулкамалқызы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№ 1 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» МҚҚ директоры;**

**Петухова Надежда Михайловна – «Еуразиялық медициналық ассоциация» ЗТБ вице-президенті;**

**Тәжібай Бақытжан Арынұлы - Қазақстандық салалық денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының төрағасы.**

**Кворум туралы ақпарат: бар.**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ (бұдан әрі - кәсіпорын) Байқау кеңесі төрағасының кандидатурасын сайлау.

2. Байқау кеңесінің хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін және жалақы мөлшерін айқындау.

3. Кәсіпорынның Байқау кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

4. Қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның қызметтеріне акы төлеу мөлшерін айқындау.

5. Директордың медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымына кандидаттармен әнгімелесу өткізу.

**Отырысты өткізу нысаны: күндізгі отырыс.**

**Шаймердинова Э.Х.:** Қайырлы күн «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - аурухана) Байқау кеңесінің отырысына қатысушылар. Маған аурухана директоры ретінде бүгінгі кездесуді ұсынылған күн тәртібімен бастауға рұқсат етініздер. Осы күн тәртібіне кім дауыс берулерінізді сұраймын.

**Байқау кеңесі күн тәртібін қарап, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**  
ұсынылған күн тәртібі бекітілсін.

**Дауыс беру қорытындысы:**

**КЕЛСЕМІН – 5 дауыс (Лебаева А.Б.; Искалиев А.М.; Шаймердинова А.Х.; Петухова Н.М.; Тәжібай Б.А.)**

**ҚАРСЫ – 0 дауыс.**

**Қалыс қалды – 0 дауыс.**

**Көпшілік дауыспен шешім қабылданды.**

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:**

**«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесі төрағасының кандидатурасын сайлау**

**Шаймердинова Э.Х.:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге – біздің байқау кеңесінің төрағасын сайлауға кірісейік. «Байқау кеңесі мүшелерінің тізімін бекіту туралы «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы бастығының 2019 жылғы 12 қарашадағы №1004-Ә бүйрекіна өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 208-Ә бүйрекіна сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК байқау кеңесі мүшелерінің тізімі бекітілді. Байқау кеңесінің құрамына:

Лебаева Эйгерім Бауыржанқызы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің КДСБ Ана мен баланы қорғау бөлімінің басшысы;

Искалиев Азат Маратұлы – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі;

Шаймердинова Эсел Хабдулкамалқызы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№1 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» МКК директоры;

Петухова Надежда Михайловна – «Еуразиялық медициналық ассоциация» ЗТБ вице-президенті;

Тәжібай Бақытжан Арынұлы - Қазақстандық салалық денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподагының төрағасы.

Байқау кеңесі мүшелерінің ұсынылған құрамынан біздің ауруханамыздың бай тәжірибесі мен басшылығын ескере отырып, Байқау кеңесінің төрайымы Надежда Михайловна Петухованы тағайындауды ұсынамын.

Басқа ұсыныстарыңыз бар ма? Егер ұсыныстар болмаса ұсынылған кандидатураға дауыс беруінізді сұраймын.

**Тәжібай Б.А.:** Надежда Михайловнаң кандидатурасын қолдағым келеді, өйткені мен оны бұрыннан білемін, және бірінші балалар ауруханасы оның басшылығымен әрқашан үздік болды.

**Искалиев А.М.:** Қолдаймын.

**Лебаева А.Б.:** Қолдаймын.

**Петухова Н.М.:** Менің кәсіби қызметім 1977 жылдан бастап осы ауруханамен байланысты және әр түрлі лауазымдарға қарамастан әлі де байланыста. Маған сенім білдіргені үшін Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне алғыс айтамын. Біздің жұмысымыз көрсеткіштерді жақсартуға және қаланың үздік ауруханасы болып қалу мүмкіндігіне бағытталады деп үміттенемін.

**Байқау кеңесі бірінші мәселені қарап, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Надежда Михайловна Петухова «№1 ККБА» ШЖҚ МҚК байқау кеңесінің төрайымы болып сайлансын.

**Дауыс беру қорытындысы:**

КЕЛІСЕМІН – 5 дауыс (Лебаева А.Б.; Искалиев А.М.; Шаймердинова А.Х.; Петухова Н.М.; Тәжібай Б.А.)

ҚАРСЫ – 0 дауыс.

Қалыс қалды – 0 дауыс.

**Көпшілік дауыспен шешім қабылданды.**

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша:**

Байқау кеңесінің хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін және жалақы мөлшерін айқындау.

**Петухова Н.М.:** Оттырыс күн тәртібінің екінші мәселесіне көшуге рұқсат етіңіз. Байқау кеңесінің хатшысы лауазымына «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МҚК заң кеңесшісі Светлана Ивановна Гракович ұсынылады.

Откен мерзімде ол Байқау кеңесінің хатшысы болды, өз міндеттерін адал атқарды, Байқау кеңесінің мүшелеріне оттырыстар туралы уақтылы хабарлады, хаттамаларды уақытында ресімдеді, барлық қажетті құжаттаманы жүргізді.

Оның тәжіриbesі мен жақсы кәсіби қасиеттерін ескере отырып, кезекті мерзімге қалдыру ұсынамын. Осы кандидатураны кім қолдайды? Дауыс беруінізді сұраймын.

Енді хатшының жалақы мөлшерін қарастыру қажет. Бұл туралы №1 ККБА директорын тындайық.

**Шаймердинова А.Х.:** Осының алдындағы жылдары (2019-2021 жылдары) байқау кеңесі хатшысының жалақысы 50 мың тенге мөлшерінде

болғанын, сондай-ақ жалақының жалпы өсуіне байланысты жалақы мөлшерін 60 мың теңге шегінде қарастыруды ұсынамын.

**Искалиев А.М.:** Откен жылы қанша болғанын білуге болады ма?

**Шаймердинова А.Х.:** Откен мерзімде байқау кеңесі хатшысының жалақы мөлшері 50 мың теңгені құрады.

**Петухова Н.М.:** Басқа ұсыныстар мен пікірлер бар ма?

**Искалиев А.М.:** Ал БК хатшысына жалақы төлеуге даму жоспарында қанша қарастырылған?

**Шаймердинова А.Х.:** Даму жоспары тұтастай алғанда бес жылдық кезең шенберінде жылдар бойынша бөлінген кәсіпорынның қаржышаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін көрсетеді. Даму жоспары нақты лауазымдар бойынша төлемдерді көздемейді, бірақ жалпы алғанда ол ықтимал төлемдерді көздейді.

**Искалиев А.М.:** Еңбек заңнамасында лауазымдарды біріктіру үшін лауазымдық еңбекақыдан 50% қарастырылған, тексеру кезінде бұл мәселе қаржылық бұзушылыққа айналмауы үшін төлем 50% - дан аспауы керек.

**Тәжібай Б.А.:** Бұл жағдайда бұзушылықтар жоқ. Аурухана штатында бұл хатшы лауазымы қарастырылмаған және хатшы аурухананың қызметкері болып табылады. Егер бұл лауазым штатқа енгізілсе және қызметкер негізгі қызметі мен хатшы лауазымын біріктірсе, онда бұл жағдайда лауазымдарды біріктіру болар еді.

**Петухова Н.М.:** Байқау кеңесінің хатшысына жалақы мөлшерін – 60 мың теңге мөлшерінде белгілеу ұсынылады. Осы ұсынысты кім қолдайды? Дауыс беруінізді сұраймын.

**Байқау кеңесі екінші мәселені қарап, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

60 мың теңге жалақы мөлшерін анықтай отырып, Светлана Ивановна Гракович «№1 КҚБА» ШЖҚ МҚҚ байқау кеңесінің хатшысы болып тағайындалсын.

**Дауыс беру қорытындысы:**

**КЕЛСЕМІН** – 5 дауыс (Лебаева А.Б.; Искалиев А.М.; Шаймердинова А.Х.; Петухова Н.М.; Тәжібай Б.А.)

**ҚАРСЫ** – 0 дауыс.

**Қалыс қалды** – 0 дауыс.

**Көпшілік дауыспен шешім қабылданды.**

**Күн тәртібінің ушінші мәселесі бойынша:**

кәсіпорынның Байқау кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

**Байқау кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарының әзірленген жобасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажет.**

**Петухова Н.М.:** Байқау кеңесін құру процесі жыл басынан бері біршама кешіктірілгенін ескере отырып, 2022 жылға арналған жұмыс жоспарының ұсынылған жобасына толықтырулар енгізу қажет. Ұсынылған жоспар жобасы бойынша кімде қандай ұсыныстар болады?

**Жоспарда** аурухананың қызметін қозғайтын мәселелер көзделген, сондай-ақ өзге де мәселелер бойынша Байқау кеңесінің жұмысы барысында туындауы мүмкін қосымша мәселелерді қарauғa қосуды көздейді.

**Искалиев А.М.:** Байқау кеңесінің отырысы алдында мен кәсіпорынның ұйымдық құрылымын сұрадым. Оны зерттей келе, кәсіпорында ішкі аудит қызметі құрылды ма деген сұрақ туындаиды. Жұмыс жоспарының жобасында ішкі аудит қызметінің есептері бойынша бірде-бір іс-шара жоқ.

**Петухова Н.М.:** Келісемін. Шағымдар мен арыздарға талдау жасаудан гөрі, ішкі аудит туралы есеп берген дұрыс.

**Искалиев А.М.:** Ішкі аудит қызметі Байқау кеңесі отырысының алдында ішкі аудит жүргізеді және байқау кеңесіне сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және олар бойынша тоқсан сайын есеп беруге көмектеседі. Сондықтан бұл мәселелерді жоспарда көрсету қажет.

**Петухова Н.М.:** Тағы қандай ескертулер бар?

Кәсіпорынның қаржылық қызметінің аудиті жыл сайын тәуелсіз аудиторларды тарта отырып жүргізіледі.

**Искалиев А.М.:** Иә. Тәуелсіз аудит жыл сайын кәсіпорын есебінен кәсіпорынның қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді.

**Петухова Н.М.:** Қаржы қаражатын үнемдеу үшін штатта ішкі аудит қызметі құрылмайтыны, ал тендер жариялау арқылы осы мақсаттар үшін конкурс негізінде қызмет көрсетушілер тартылатыны және жылына бір рет барлық қызметке қаржылық аудит жүргізілетіні анықталды. Аудит жүргізілгеннен кейін Байқау кеңесі кейін қаржы аудитінің есебін қарайды.

**Искалиев А.М.:** иә, бұл жыл сайын өткізілетін Қаржы-шаруашылық қызметінің есебі. Директордың МҚСБ жөніндегі орынбасары Байқау кеңесінің алдында есеп береді, бұл басқа мәселе. Егер КДСБ-ның қаржы қаражатын үнемдеуге байланысты ОДО құруды тоқтату туралы бұйрығы болса, онда оны хаттамаға қоса беру қажет болады.

**Петухова Н.М.:** Әлі де ескертулер бар ма? Бір жыл ішінде бізде шұғыл мәселелер болды, олар дереу шешуді талап етті, біз бұл мәселелерді шұғыл түрде жиналып, шештік. Егер басқа ұсыныстар болмаса, біз осы жобаны енгізілген түзетулермен бекітеміз деп ойлаймын.

**Байқау кеңесі үшінші мәселені қарастырып, шешім қабылдады:**

**ШЖҚ «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» МҚК Байқау кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.**

**Дауыс беру қорытындысы:**

**КЕЛІСЕМІН** – 5 дауыс (Лебаева А.Б.; Искалиев А.М.; Шаймердинова А.Х.; Петухова Н.М.; Тәжібай Б.А.)

**ҚАРСЫ** – 0 дауыс.

**Қалыс қалды** – 0 дауыс.

**Көпшілік дауыспен шешім қабылданы.**

**Күн тәртібінің тәртінші мәселесі бойынша:**

**қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау.**

**Петухова Н.М.:** Ағымдағы жылдың сәуір айында кәсіпорынның 2021 жылға қаржылық есептілігіне аудит жүргізу жоспарланған. Қаржылық аудит ағымдағы жылдың бірінші тоқсанына жоспарланғанына байланысты, кәсіпорын басшылығы 2021 жылға қаржылық аудит жүргізуге қызметтерді сатып алу бойынша конкурс өткізу туралы шешім қабылдады. Мемлекеттік сатып алу сайтында «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» қаржылық қызметінің аудиті қызметіне конкурсстық негізде іріктеу және қатысу үшін хабарландыру берілді. Бұл қызметке кәсіпорын бюджетінен 1 450 мың теңге бөлінді.

Қаржылық аудит қызметін көрсетуге конкурс бойынша «Arip Consulting group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңіп алды, онымен шарттың жалпы сомасы 512 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шарт жасалды.

Осы мәселе бойынша қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

**Шаймердинова А.Х.:** Бұгінгі күні Қаржы-шаруашылық аудит бойынша қызметтерді сатып алу бойынша тендер өткізілді, компания анықталды және олар өз қызметіне кірісті.

**Петухова Н.М.:** Ал қаржылық аудит бойынша ұсынылатын сома жеткілікті ме?

**Шаймердинова А.Х.:** Өткен жылы қаржылық аудитке ағымдағы жылға қарағанда 535 мың теңгеден сәл артық сома жұмсалды. 1450 мың теңге ұсынылды.

**Петухова Н.М.:** Бұл компания барлық біліктілік талаптарын раставды ма?

**Шаймердинова А.Х.:** Аудиторлық науқан барлық конкурстық талаптарға сәйкес келеді, бірнеше жылдан бері жұмыс істейді – жұмыс тәжірибесі үлкен.

**Тәжібай Б.А.:** Аудит қай уақыт ішінде жүргізіледі?

**Шаймердинова А.Х.:** Аудит бір ай ішінде жүргізіледі.

**Петухова Н. М.:** олар үнемі сіздің кәсіпорында немесе қашықтан жұмыс істейді.

**Шаймердинова А.Х.:** Алғашқы екі күнде олар осында жұмыс істеді, содан кейін олар қашықтан қол жеткізуге кетті және сұраныс бойынша оларға барлық қажетті құжаттар беріледі. Егер қажеттілік туындаса, олар бізге осында келеді.

**Искалиев А.М.:** Бұл ақпарат бойынша сұрақтар жоқ. Нактылау бойынша 1450 мың теңге ұсынылса, олар 512 мың теңге ұсынды.

**Петухова Н.М.:** Компания ұсынған баға аз, шамасы, осы тақырып бойынша көптеген бәсекелестер жұмыс істейді.

Егер басқа сұрақтар болмаса, дауыс беруінізді сұраймын.

Байқау кеңесі төртінші мәселені қарап, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2021 жылғы қаржы аудитінің қорытындылары бойынша Байқау кеңесінің мүшелеріне есеп берсін.

**Дауыс беру қорытындысы:**

**КЕЛСЕМІН – 5 дауыс** (Лебаева А.Б.; Искалиев А.М.; Шаймердинова А.Х.; Петухова Н.М.; Тәжібай Б.Аэ.)

**ҚАРСЫ – 0 дауыс.**

**Қалыс қалды – 0 дауыс.**

**Көпшілік дауыспен шешім қабылданды.**

**Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша:**

Директордың медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымына кандидаттармен әңгімелесу өткізу.

**Петухова Н.М.:** 2022 жылғы наурызда <https://www.enbek.kz>. сайтында орналастырылған Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары бос лауазымына конкурс жарияланды

Бос лауазым бойынша конкурсқа үміткерлерден 4 өтініш келіп түсті. Әңгімелесуге төрт кандидат жіберілді (*түйінде ме қоса беріледі*):

- Әскербекова Жазира Әскербекқызы;
- Байғанова Жұлдыз Амантайқызы;
- Граб Александр Васильевич;
- Тищенова Эсем Қалихайдарқызы.

Барлық кандидаттар әңгімелесу өтетін күн туралы хабардар етіледі. Әр үміткерді әліпбелік ретпен тындауды ұсынамын.

одың медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымына әңгімелесу өткізілді, оның барысында кандидаттарға Негізгі заңнамалық нормаларының даму перспективаларын, сондай-ак лауазымга қойылатын тарын білу және т. б. туралы сұрақтар қойылды.)

қау кенесі Бесінші мәселені карап, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:  
ектордың медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымына  
у үшін Әсем Қалихайдарқызы Тищенова ұсынылсын

# ауыс беру корытындысы:

ЕЛСЕМІН – 5 дауыс (Лебаева А.Б.; Искалиев А.М.; Шаймердинова А.Х.;  
Нұрмамбетова Н.М.; Тәжісібай Б.А.)

КАРСЫ - 0 дауыс.

Калыс қалды – 0 дауыс.

Көпшілік дауыспен шешім қабылданды.



Петухова Н.М.

# Төрайым

# Байқау кенесінің мүшелері

Лебаева А.Б.

Искандиев А.М.

Шаймердинова Ә.Х

Тәжібай Б.А.

хатшы

Гранат